

**ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ ТҮБІРЛЕС СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ  
ӨРІСІ**  
**THE SEMANTIC FIELD OF WORDS COGNATE OF TURKIC  
LANGUAGE**

Б. ҚАСЫМ\*

**Түйіндеме**

*Функционалды-семантикалық өріс* – тілдегі грамматикалық көрсеткіштердің лексикалық, лексика-грамматикалық әрі сөз тудырушы, сөз түрлендіруші лексемалардың екіжақты қырынан мазмұн-форма үйлесімді семантикалық ортада көрініс табуы. Туынды сөздердің белгілі бір семантикалық қатынастарға түсуі, лексикалық, сөзжасамдық жүйедегі өзара байланыстылығы семантикалық өріс арқылы көрінеді.

Мақалада автор тілдік жүйедегі семантикалық өріс ұғымын қарастырып, *көз, көру, бас* аталымдарының лексика-семантикалық өрісі талдайды.

**Кілт сөздер:** семантикалық қатынастар, ұғымдық, заттық ұқсастықтар, семантикалық өріс.

**Summary**

The article deals with the semantic field. The structure of functional-semantic field and the categories of functional-semantic is compared. As a conclusion the theme functional-semantic distinguished among the existing grammatical works that is focused on solving the problems of the development issues of word forming semantic field representation as on the materials of the Kazakh language and also when comparing the Turkic languages.

**Keywords:** functional-semantic, semantic, derivational, lexical-semantic field.

Сөздің семантикасын зерттеу негізінен жеке сөздердің мағыналық жағынан дамуын зерттеумен шектеліп келді. Ғалымдар сөзді жеке қарастыру жан-жақты табиғатын ашпайтынын және жеке сөздер мағынасы мен формасы жағынан бір-біріне туыс сөздермен бірігіп, сөздердің топтарын немесе өрісін құрастыратынын, сөздің мәнін, мәнісін білу үшін оның құрамын бір-бірінен жеке алып қарастырмай, ортақ мән-мазмұнының төңірегінде талдауды ұсынды. Бұл қажеттілік

---

\* филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы-Қазақстан.

Doctor of philological sciences, professor. Kazakh of National pedagogical University named after Abai, Almaty-Kazakhstan. E-mail: [bkasym\\_gosyaz@mail.ru](mailto:bkasym_gosyaz@mail.ru)

## **Б. Қасым. Түркі тіліндегі түбірлес сөздердің семантикалық өрісі.**

тіл білімінде өріс теориясының шығуы мен дамуына, жаңа бағытта зерттелуіне әкелді. Ол тіл білімінің семантика саласын, функционалды грамматиканы тың және жаңа жолға бағыттады. Өріс теориясының негізін салушылар И.Трир, Л.Вайсгербер теориялары бойынша **семантикалық өріс** деп дәстүрлі немесе ғылыми түрде адамзат тәжірибесімен жасалған ұғымдардың нақты шектелген саласын толық жабатын, көбіне этимологиялық жағынан байланысты емес, т.б. сөздер жиынтығын атайды.

Тілдің даму көрсеткіші лексикадағы жүйелер сөздерді дамытады, мағыналарын түрлендіреді, ауыстырады, семантикалық дамуының айғағы ретінде көрінеді. Функционалды грамматика функционалды-семантикалық өріс (ФСӨ), семантикалық категория, категориалды жағдаят негізінде жасалады. ФСӨ теориясы А.В.Бондарконың еңбектерінде өзекті мәселе тұрғысынан қарастылып, «*Функционалды-семантикалық өріс*» – тілдегі грамматикалық көрсеткіштердің лексикалық, лексика-грамматикалық әрі сөз тудырушы, сөз түрлендіруші лексемалардың екіжақты қырынан мазмұн-форма үйлесімді семантикалық ортада көрініс табуы делінген болатын. *Функционалды-семантикалық өріс* – семантикалық категориялар негізінде әртүрлі деңгейдегі әрекеттес тілдік құралдардың функцияларының ортақтығына байланысты қалыптасқан жүйе [1, 390]. Ю.Д.Апресян пікірінше, тілдің сөздік құрамы ретсіз үйіліп жатқан бірліктердің жиынтығы емес. Ол сөздердің мағыналық ортақтығына байланысты біріккен бірнеше өрістерден тұрады деген пікір айтады [2]. Ю.Н.Карауловтың анықтауынша, лексика-семантикалық өріс *өзегімен* (ядромен) байланысты тілдегі сөздер тобы және олар өрістің шекарасын айқын анықтауға мүмкіндік береді [3, 61]. Лексика-семантикалық өрісті жасауға өрісте бір-бірімен белгілі бір байланысқа түсетін сөздер мағынасы тірек болуы тиіс. Автордың пікірінше, лексика-семантикалық өрісті зерттегенде синонимдік, түр және ассоциативтік байланыстарды есепке алу қажет. Сөйтіп, *лексика-семантикалық өріс* (ЛСӨ) бір тектік мағынамен біріккен белгілі бір сөздер тобы (сөз тіркестері) болып табылады. ЛСӨ құрамы мағынасы жағына өріс ортасынан (өзегінен) әр түрлі «қашықтықта» (орталыққа жақын және шеткері аймақтар) орналасқан бірліктерден тұрады.

*Лексика-семантикалық өріс* деп тілде шындық болмысты бейнелеп, лексикалық бірліктер ортақ семантикалық компонент негізінде әр түрлі жүйелі семантикалық қатынастармен (синонимиялық, антонимиялық, гипер-гипонимиялық) және өріс

ортасымен байланысып жатқан біріккен сөздер тобы, яғни лексикалық бірліктердің жиынтығынан тұратын микрожүйешелер (лексика-семантикалық топ) түсініледі. И.М.Кобозеваның «Лингвистическая семантика» еңбегінде «семантикалық өріс деп айқындалатын құбылыстың ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастықтары мен мазмұнының жалпы болуымен біріктірілген тілдік бірліктер жиынтығы» деп көрсетілген. Тілші семантикалық өрісті мынадай қасиеттерге бөледі:

- сөздердің белгілі бір семантикалық қатынастарға түсуі;
- осы қатынастардың жүйелілігі;
- лексикалық бірліктердің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігі;
- өрістің дербестігі;
- өрістің ұғымдық сипатын таңбалаудың тұрақтылығы;
- семантикалық өрістің бүкіл лексикалық жүйедегі өзара байланыстылығы [4, 99].

Ал Ю.Н.Караулов семантикалық өрістің төмендегідей ерекшеліктерін ажыратады:

- өріс құрамындағы бірліктердің бір-бірімен байланыстылығы;
- бұл байланыстардың жүйелілігі;
- өріс бірліктерінің бір-бірін анықтауы;
- өрістің дербестігі;
- өрістің түрлі тілдердегі өзіндік ерекшелігі [3, 61].

Жоғарыда айтылғаннан шығатын қорытынды: жеке сөздердің мағынасын егжей-тегжейлі ашпай, ешқандай семантикалық талдау жасау мүмкін емес, өз кезегінде ол экстралингвистикалық шындықты есепке алмау мүмкін емес, өйткені тек экстралингвистикалық шындыққа талдау ғана *семантикалық бірліктердің шегін анықтауға* мүмкіндік береді. Алайда біздің ойымызша, бұл байланыстар лексика-семантикалық өріспен салыстырғанда түрлі сөз табына жататын бір ұғымды білдіретін ассоциативтік өріс құрылымына тән. Лексикалық парадигма ретінде жалпы мағынасы бойынша біріккен бірнеше сөздердің жиынтығы түсініледі. Түркі тілдеріне ортақ дене мүшелері атаулары: *бас, көз, қол, аяқ* т.б. тілде семантикалық құрылымы күрделі бір буыннан тұратын *көз* сөзін бір семантикалық өрісте жататын, семантикалық деңгейлері ұқсас болып келетін басқа сөздермен топтастыра отырып қарастырғанда, көптеген түбірлес сөздердің жасалу тарихы мен шығу тектерінің бір екендігі байқалады. Мысалы,

## **Б. Қасым. Түркі тіліндегі түбірлес сөздердің семантикалық өрісі.**

*көру → қарау → байқау → аңғару → үңілу → тану → көз тастау → көзі түсу → көз салу* т.б.

Қазақ тіліндегі *көру* етістіктерінің семантикалық аясы: *көру, қарау, тесірею, шолу, тесілу, оқыраю, адыраю, одыраю, бағжию, бажыраю, жаудырау, жалтақтау, едірею, байқау, аңғару, шұқшию, сығалау, қадалу, мөлтеңдеу, сығыраю, телміру, тану* және т.б.

Көру қимыл мәнін қазақ тілінде *көру, қарау* етістіктері білдіреді: *Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Аанадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен* (М.Әуезов, «Абай жолы», 1- кітап, 9-б.).

Көру етістігінің семалық құрылымы өте қарапайым: *қарау, көз салу, көз салып байқау*. Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде көру етістігінің 6 мағынасы көрсетілген: 1. *Көзбен байқау, бағдарлау, байыптау*; 2. *Қарау, көзбен шолу*; 3. *Бастан кешу*; 4. *Ауыс. Айыптау, жазғыру, кінәлау*; 5. *Ауыс. Есептеу, санау, білу, тану*; 6. *Күрделі сөз құрамында жұмсалып, қосымша мағына үстейтін көмекші етістік* (ҚТТС 191). Сөздікте көру етістігінің 6 мағынасы бар деп көрсетілген: 1. *Қарау, көз салып байқау*; 2. *Кездесу, жолығу*; 3. *Ауысп. Бір нәрсені бастан кешу, білу*; 4. *Айыптау, жазғыру, кінәлау*; 5. *Балау, санау, білу, тану*; 6. *қосымша мағына үстейтін көмекші етістік*.

Мақсатты түрде көру үрдісін, көру органдарының активті түрде көру үрдісіне қатысуын доминант қарау етістігі білдіреді: *қарау, көз салу, назарлау, үңілу, бетін бұру, барлау, бақылау, шолу және т.б.*; ауызекі тілде: *бақыраю, ақшию, тесірею, жіті қарау, қадалу және т.б.* Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде қарау етістігі 12 түрлі мағына береді деп көрсетілген: 1. *Көз жіберу, назар аудару*; 2. *Іздеу, қарастыру, табуға тырысу*; 3. *Көру, тексеру, бақылау*; 4. *Ескеру, елеу, тыңдау, құлақ асу*; 5. *Аңғару, байқау, бағу*. 6. *Күту, тосу, бөгелу*; 7. *Бағып-қағу, күту, баптау*; 8. *Бағыну, қарауына, қол астына өту, тәуелді болу*; 9. *Есептеу, санау, ойлау*; 10. *Ауу, беттеу, ойысу қадам басу*; 11. *Арнайы сөз ету, талқылау*; 12. *Дәл бағытталу, тура келу* (ҚТТС, 55-56). Ал қазақ тілінің сөздігінде қарау етістігінің 10 мағынасы берілген: 1. *Назар аудару, көз жіберу*; 2. *Іздеу, қарастыру*. 3. *Көру, тексеру, аңғару, бағу, байқау, бақылау*. 4. *Ескеру, елеу, ден қою*; 5. *Күту, тосу, бөгелу*; 6. *бағып қағу, күту, баптау*; 7. *Біреудің қол астында болу*; 8. *Есептеу, санау, ойлау*; 9. *Ауу, өту, қадам басу*; 10. *Арнайы сөз ету, талқылау*. Мысалы: *Абай қайда өзі? – деп еді, Ұлжан Абайдың жатып қалғанын айтып, Жиреншиеге біраз наразы салқын*

жүзбен қарады (М.Әуезов, «Абай жолы», 1-кітап, 36-б.). *Абай әкесіне көз салып еді, үндемей, түйіліп, Айғызға аса салқын қарап қалған екен* (М.Әуезов, «Абай жолы», 1- кітап, 130-б.). *Көріп, біліп келдік. Кәмшат ауру. Әл үстінде. Бізді танымады* (М.Әуезов, «Абай жолы», 1- кітап, 130-б.).

Сонымен қазақ тіліндегі көру етістіктерін мағыналық белгілеріне қарай талдай келе олардың оншақты лексика-семантикалық топты (ЛСТ) тілдік деректермен дәйектелді:

**ЛСТ 1 «Көру»** үрдісіндегі әртүрлі оқшау қарасты білдіретін етістіктер (*«ұнатпай, жек көре қарау» немесе «үрейлене қарау» нышанды етістіктер*)

Бұл топқа *адыраю, ажыраю, ақыраю, ақию, ақилану, алару, алақтау, ақшию, бадыраю, бақшию, бажыраю, бағжию, бақыраю, бежірею, бедірею, едірею, ежірею, ожыраю, оқшию, оқшыраю, оқыраю, одыраю, шадыраю* етістіктері жатады. Аталмыш етістіктердің архисемасы «қарау» және «бақырая қарау, көзін бағжиту» болғанмен олар тек қана «қарау» семасымен шектелмейді, олардың семантикалық құрылымында «көз салып байқау, көзбен байқау» семасы негізгі емес, өйткені бұл етістіктер көру үрдісінің әрекетін емес, оның сипатын, әртүрлі қырларын білдіреді. Олардың мағыналық құрамында «бақшиып қарау», «жақтырмай қарау», «сескеніп қарау», «үрке қарау», «үрейлене қарау», «қорқып қарау», «таң қалып қарау», «көз алартып тесірейіп қарау» сияқты мағыналық реңктер бар. Мысалы, **алақта** етістігі туралы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» мынандай түсініктеме алуға болады: 1. «Көздің шарасынан шығып аларуы, алақ-жұлақ етуі». *Осы кезде Жаппардың екі көзі жын соққандай алақтап, өңі бұзылып, бет ауызы жыбырлап кетті.* (К.Оразалин. Көктем.) 2. «Жалтақтап жан-жаққа қарау, асып-сасу». *Жүгіріп басып Күланда келеді. Үлкен қара көздері ойнақшып, жан-жағына алақтап қарайды.* (С.Ерубәев. Шығ.) Қазақ тілінің сөздігінде де екі мағынасы көрсетілген: 1. «Көзі алақ-алақ етті. 2. «Жан-жағына алақ-жұлақ қарау». **Одырай** етістігіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» мынандай төмендегідей түсініктеме берілген: «үрке қарау, едірею, адыраю». Мысалы: *Сәкен қизаиштай кеп жанаса берген мені көрмегендей одырая өтіп кетті* (С. Мұқанов) [ҚТТС, 375-б.]. *Сілем қатып өлгелі отырсам, - деп Қалампырды оқты көзімен атып, одырая сөйледі* (А.Хангелдин. Табысқан тағдырлар). Ал қазақ тілінің сөздігінде осы етістікке «адыраю, едірею, ежірею, одыраю» деп түсініктеме берілген. Мысалы: *Ол үріккен өгіздей маған одырая*

**Б. Қасым. Түркі тіліндегі түбірлес сөздердің семантикалық өрісі.**

**қарады. Ежірей** етістігі туралы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «екі көзін тікірейтіп тесірейе қарау, бақшию» делінген [ҚТТС, 167-б.]. Мысалы: *Ит көрген текедей боп, иегі мен сақалын омырауына тыға түседі. Екі көзін ежірейте қарап тыңдап қапты* (М.Әуезов, «Абай жолы», 1-кітап, 276-б.). **Бағжию** етістігіне «көзі бақшиып тесірейе қарау» деп түсініктеме берілген. Мысалы: *Шал бағжиып қарады*. Бұл етістіктер бір-бірімен синонимдік қатынасқа түсіп тұр. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде бұл етістіктер туралы: «Бірдеңеден сескеніп қорыққанда, үрейленгенде, таңданып таңырқағанда, біреуді жақтырмаған пішін көрсету, көз алартып тесірейіп қарау» деп жазылған. Мысалы: *Ислам ақия қарап еді, қатыны жым болды* (О.Сәрсембаев). *Бұзаубақ нанарын да, нанбасын да білмей, бажырайып қарады* (Майлин). *Айша бір қызарып, бір сұрланып, Дәмешке бадырая қарады* (Шашкин). *Бұл жауапты естігенде, бағанадан бері үндемей мелшиіп отырған Майбасар, Жақыптар селт етіп, қабақ тұкситіп, ажырая қарасты* (М.Әуезов, «Абай жолы», 1-кітап, 80-б.). *Екеуі оңаша қалып, бір-біріне ажырайысып қарасқанда, түстерінде үлкен ыза бар еді* (М.Әуезов, «Абай жолы», 1-кітап, 577-б.). *Кейбіреулер осындай сөз шыққан жаққа қарай үріккен аттай оқырая қарап, ала көздерімен атып тастардай оқталысады* (А.Хангелдин. Қара торғай). Осы келтірілген мысалдардан аталмыш етістіктер көру үрдісіндегі әртүрлі оқшау қарасты білдіретін етістіктер екеніне, яғни, «ұнатпай, жек көре қарау» немесе «қорқып қарау», «үрейлене қарау» нышандарын білдіретін етістіктер екеніне көз жеткізуге болады.

Қазақ тіліндегі әр түрлі сөздіктен жиналған «көз» аталымдарының сипаты мен ерекшелігі. Қазақ әдеби тілінің сөздігі (15 том).

**Кесте-1**

№	«Көз» аталымының семантикалық өрісі	Көркем әдебиеттен мысалдар
1	зат. Көру мүшесі.	Көп заманнан бері басымыздан кешірген зорлық-зомбылық, кедейлік, надандық мұра қылып біздерге мерез, құрт, қотыр, көз ауруы сықылды пәлелерді қалдырған (М. Дулатов, Шығ.).
2	анат. Адамда, барлық омыртқалы жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше.	Адам және омыртқалы жануарларда көз – жұп мүше (ҚҰЭ).
3	ауыс. Әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі әшекей.	Қазақстанның Орталық музейінде сақталған бір ғана әйел ерінің өзінде отыз бір көз орнатылған.

4	ауыс. <i>Нәрсенің өзі.</i>	Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға, Бермек болағн айғырдың <b>көзі</b> қайда?(Абай, Тол.жин.).
5	ауыс. <i>Адам, жан</i>	<b>Көздер</b> бар, мені көрсе жылымайтын, Соны да сезгендеймін бүгін айқын (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем)
6	ауыс. <i>Өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе.</i>	Хас батырдың <b>көзі</b> еді кара жорға, кара жаудың астында ойнап кетті (М.Мақатаев, Шығ.).
7	ауыс. <i>Ақыл, ес, сана.</i>	Біліміден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге, Көкірегінде болсын <b>көз</b> (Абай, Таңд. жин.).
8	ауыс. <i>Жемістің өніп шағатын жері, бүртік кіндігі.</i>	Мария өстіп налып жүргенде, академик Лысенконың картоп көзін қалай егіп өсіруге арналған мақаласы газетке жарияланды (Ж. Тілеков, Шалғай шепте).
9	ауыс. <i>Иненің жіп өткізетін тесігі.</i>	Кесте тігетін инелер молтақ, көздері кең болғаны жөн (С. Қасиманов, Қаз.колөнері).
10	ауыс. <i>Кереге және торлы заттардың тесігі.</i>	Керегенің босаға жағындағы көздерін пайдаланатын болған (С. Қасиманов, Қаз.колөнері).
11	ауыс. <i>Белгілі бір нәрсенің орны, қоры.</i>	Май алмасу жөнінде өте мәнді мәселенің бірі – деген май болып бітетін майдың қайдан алатын көзін білу (Т.Күлтебаев, Қой төлі).
12	ауыс. <i>Алды, көз алды</i>	Дұшпанның көзінде болсаң да, көңілінде болма (мақал).
13	ауыс. <i>Бұлақтың су қайнап шығып жатқан жері, қайнар тесігі</i>	Бұлақтың көзі ашылып, Бұлдырап келді жылғаға, Құнанның жалына асылып, Қуанып, күліп тұр бала (М.Мақатаев, Шығ.).
14	ауыс. <i>тұрғы, көзқарас, ұстаным</i>	Неше жүз жылдан бері Ломоносовтың атын орыс халқы көңілінде һәм тілінде сақтап келеді, мұнан соң мың жылдар өтсе де оған көрсетілген қадір, құрметтері артпаса кему жоқ. Біз де Абайға сол көзбен қарауға керек (М.Дулатов, Шығ.).

Суреттейтін және ерекшелейтін белгілерді, үздіксіз мағыналық белгілерді таңдау тұжырымды *анықтама* (дефиниция) құрастыру немесе сипаттауды айқындау деп ұйғаруымызға болады» [5]. Сөздер ортақ семантикалық белгіге ие болып, лексика-семантикалық парадигма құрайтыны белгілі. Ю.Н.Карауловтың анықтауынша, лексика-семантикалық өріс ортасымен (ядромен) байланысты тілдегі сөздер тобы және олар өрістің шекарасын айқын анықтауға мүмкіндік береді. Лексика-семантикалық өрісті жасауға өрісте бір-бірімен белгілі

## Б. Қасым. Түркі тіліндегі түбірлес сөздердің семантикалық өрісі.

бір байланысқа түсетін сөздер мағынасы тірек болуы тиіс. Автордың пікірінше, лексика-семантикалық өрісті зерттегенде синонимдік, түр және ассоциативтік байланыстарды есепке алу қажет [3]. Түбірлес сөздерді жасаушы түбірдің топтық мағынасын құрайтын семалары барлық тектес түбірлі сөздердің мағыналарында сақталып, айырушы семалармен бірлікте болады. Тілдің сөзжасамдық жүйесінде де семантикалық өрістің ұстанымдары мен заңдылықтарына сүйене отырып, сөзжасамдық өрісті құрылымдауда қолдануға болады:

◆ сөзжасамдық бірліктердің құрылымдық тұтастық ұстаным жүйесі. Мұнда сөзжасамдық жүйе сөзжасамдық бірліктері бар тұтас жүйе болып табылады. Түбір және сөзжасамдық морфемалар, үлгілеп, типтер, жаңа сөз жасау алгоритмдері;

◆ туынды сөздерді реттеу, ретке келтіру ұстанымы. Бұл ұстанымда сөз жасамдық жүйе өзіне тән тұтастықта сипатталады;

◆ сөзжасамдық бірліктерді өзара анықтау ұстанымы сөзжасамдық мағына мен аффикстер арқылы берілу мүмкіндігі т.б.;

◆ туынды сөздер шекарасының еркінділік ұстанымы. Сөзжасам құбылысына қатысты сапалық және сандық өлшемдерді, синхрония мен диахронияға қатысты еркшеліктерді анықтайды;

◆ тұтастық ұстанымында сөзжасам жүйесіндегі экстралингвистикалық жағдай, екіншіден, сөзжасамдық талдаудың барлық әдістері мен сөзжасам бірліктердің заңдылықтарын қолдануға болады.

**көр** 1. *Қарау, байқау, көз жеткізу.* Мұны көріп Ескендір аң-таң қалды, Бар қаруын алтынға қоса салды [262].

2. *Жолығу, кездесу, ұшырасу.* Көрген жерде-ақ мен сені, «Осы екен ғой – сол» дедім [75].

3. *Ауыс. Білу, аңғару, байқау.* Жігіттік өтті, көрдін бе? [176].

4. *Ала көрмеу – бірдей көру, шет қақпау.* Бәрінің көңілін тындырып, біреуін ала көрмепті [179].

5. *Артық көру – жоғары санау, ерекше бағалау.* Ол дәлел болса, адам баласын артық көріп, қамын әуелден алланың өзі ойлап жасағанына да дәлел емес пе? [183].

6. *Бейнет көру – азап шегу.* Бейнет көрмей, дәулет жоқ [20].

7. *Дамыл көрмеу – тыныштық таппау.* Шаһарына жеткенше дамыл көрмей... [261].

8. *Жақсы көру – ұнату.* Үйір қылма бойыңа, шыны жақсы көрмесен [105].

9. *Жек көру – ұнатпау* [121]. Абай тілі сөздігі. (Ш. Ахметова, Ә. Болғанбаев, Т. Жанұзақов). – Алматы: Өнер, 2011. – 75-262 б.



Қазақ тілінің сөздігінде **көру** етістігінің 6 мағынасы бар деп көрсетілген: 1. *Қарау, көз салып байқау*; 2. *Кездесу, жолығу*; 3. *Ауысп. Бір нәрсені бастан кешу, білу*; 4. *Айыптау, жазғыру, кінәлау*; 5. *Балау, санау, білу, тану*; 6. *қосымша мағына үстейтін көмекші етістік* [ҚТС, 328 б.]. *Қарау, байқау, көз жеткізу*. Мұны *көріп* Ескендір аң-таң қалды, Бар қаруын алтынға қоса салды [ҚТС, 262 б.]. Мақсатты түрде көру үрдісін, көру органдарының белсенді түрде көру үрдісіне қатысуын доминант **қарау** етістігі білдіреді: **қарау, көз салу, назарлау, үңілу, бетін бұру, барлау, бақылау, шолу** және т.б.; *ауызекі тілде: бақыраю, ақшию, тесірею, жіті қарау, қадалу* және т.б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде (10 томдық) **қарау** етістігі 12 түрлі мағынасы берілген: 1. *Көз жіберу, назар аудару*; 2. *Іздеу, қарастыру, табуға тырысу*; 3. *Көру, тексеру, бақылау*; 4. *Ескеру, елеу, тыңдау, құлақ асу*; 5. *аңғару, байқау, бағу*. 6. *Күту, тосу, бөгелу*; 7. *Бағып-қағу, күту, баптау*; 8. *Бағыну, қарауына, қол астына өту, тәуелді болу*; 9. *Есептеу, санау, ойлау*; 10. *Ауу, беттеу, ойысу қадам басу*; 11. *Арнайы сөз ету, талқылау*; 12. *Дәл бағытталу, тура келу* [ҚТТС, 6-т. 55-56 б.]. Ал қазақ тілінің сөздігінде **қарау** етістігінің 10 мағынасы көрсетілген: 1. *Назар аудару, көз жіберу*; 2. *Іздеу, қарастыру*. 3. *Көру, тексеру, аңғару, бағу, байқау, бақылау*. 4. *Ескеру, елеу, ден қою*; 5. *Күту, тосу, бөгелу*; 6. *бағып қағу, күту, баптау*; 7. *Біреудің қол астында болу*; 8. *Есептеу, санау, ойлау*; 9. *Ауу, өту, қадам басу*; 10. *Арнайы сөз ету, талқылау* [ҚТС, 55-56б.]. Мысалы: Абай қайда өзі?- деп еді, Ұлжан Абайдың жатып қалғанын айтып, Жиреншеге біраз наразы салқын жүзбен қарады [М.Әуезов. Абай жолы, 1-том., 36 б.]. Абай әкесіне *көз салып* еді, үндемей, түйіліп, Айғызға аса салқын *қарап* қалған екен [М.Әуезов. Абай жолы, 1-том.,130 б.]. *Көріп*, біліп келдік. Кәмшат ауру. Әл үстінде. Бізді танымады [М. Әуезов. Абай жолы, 1-том. 130 б.]. Лексика-семантикалық топтың мүшелері арасындағы парадигматикалық байланысты көру үшін ғалымдар компонентті талдау әдісін жиі қолданады. Бұл әдіс бойынша сөз мағыналары бірнеше ұсақ бөліктерден – семалардан тұрады деп есептейді. Семалар қызметі жағынан *жалпылаушы* (интегралды) (*жалпылаушы семаны* – *архисема* деп те атайды) және *айырушы* (дифференциалды) семалар болып екіге бөлінеді. Лексикалық-семантикалық топтар *жалпылаушы семалардың* негізінде семантикалық өріске бірігеді. Семантикалық өріс лексикалық-семантикалық топтарға қарағанда неғұрлым кең тектік ұғымдарды топтастырады. Семантикалық өріс белгілі сөз тобына жататын лексикалық-семантикалық топтардың

## Б. Қасым. Түркі тіліндегі түбірлес сөздердің семантикалық өрісі.

жиынтығы ғана емес, ол өз құрамына бірнеше сөз табына жататын лексикалық-семантикалық топтарды да біріктіреді. Өрістің аймақтары мен құрылымының ұстанымын анықтаудың бірі – тіл құралдарын қолданудың ұдайылығы және жиілігі, мақсатты жағдайда өрістің семантикалық инвариантын және өріс мүшелерінің семантикалық құрылымының ерекшелігін белгілеу болып табылады. Сонымен, тілдік өрістің орталық аймағын өрістің семантикалық инвариантының *аталымы* (номинациясы) ретінде ұдайы және жиі пайдаланатын бірліктер құрады. Мысалы, **Бас**→алқа → алқалы → алқалық

алқашы → алқашылық

алқы → алқылы → алқылық

алқышы → алқышылық

араз → араздық

асау → асаулан → асаулану

→ асаулық

бас-аяғы

баскесер

баспана → баспанадай

бас-аяқсыз

баскесерлік

баспанала

басы-аяқты

баскиім

баспаналат

басаяқтылар

бас-көз:

баспаналау

басбақыл

(болды), (демей)

баспаналы

бас-басы

баскөздік

баспанасыз

басбау

баскөтеру

басбунақ

басқосу

баспанасыздық

басбұзар

басқұр

бассауғала → бассауғалау

басбұзарлық

басқұрбау

бас-сирақ

басбілгі

басқұрдай

бассүйексіздер

бас-басын

басқұрт

бассүйектілер

басжақсы

басмия

басталас

басжаптыр

басталастық

бас-жөн

бастоған

басжіп

бастоғыз

**Бұзаубас:** I. *зоол.*, т.б. басы үлкен, мүйізді, алдыңғы аяқтары жер қазатын түсі сары қоңыз.

II. *бот.* құмды жерде өсетін малға жағымыды өсімдік.

III. *зоол.* ащы суда өмір сүретін, басы жалпақ балық.

**Бұзаубалық:** *зоол.* Алабұға тәрізділерге жататын балықтың түрі.

**Бұзауаз:** малдың барлық түрлігінде кездесетін жұқпалы тері ауруы.

**Бұзауіс:** өзегіне темір қосып өрген жуан қамшы. Жуан етіп тілінген таспалардан өрілген өрімі сыртына қарағанда бұзаудың тісіне ұқсап тұратындықтан бұзауіс қамшы аталған.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сөзжасам бірліктерін зерттеуде өріс құрылымдау әдісін қолдану дұрыс деген пікірге келеміз. Себебі, сөзжасам сөз жасау қызметін атқарушы және күрделі құрылымды көрсететін тілдік жүйе бөлігі ретінде танылады. Сөзжасамдық өрістерді зерттеу лингвистің дәстүрлі тіл теориясына сай келмейтін сөз жасаудың әртүрлі құбылыстарына түсінік беру мүмкіншілігін кеңейтеді.

Сөз тудырушы тұлғалар арқылы жасалған туынды сөздің семантикасы айырушы сема мен сөз тудырушы жұрнақтың лексика-семантикалық мағынасы бірлігінен тұрып, жаңа атау ретінде қызмет атқарады. Туынды сөзде бұл семалардан бөлек түбірдің өзек семасынан дамыған ортақ сема болады. Осы өзек-сема арқылы туынды сөздер *түбірлес* сөздерге топтастырылады. Г.К.Кенжетаева субъектінің белгілі бір объектіге деген қатынасына және сол объектіге берген субъектінің бағасына қарай фразеологизмдер «жасырын, ұрлана қарау», «тесіле, қадала қарау», «зейін сала, зер сала қарау», «менсінбей қарау», «немқұрайды қарау», «таңдана қарау», «жақтырмай қарау» т.б. тақырыптық топтарды қамтиды. Назарға ілінген нысанға түрлі түрлі болғандықтан неше түрлі жағдайларды көріп, басынан өткеріп отырған адамның эмоциясы да, істеп отырған қылығы да, өзін ұстау мәнері де сан-алуан болып келеді [6].

Талданылып отырған *көз, көру, бас* аталымдарының М.Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» атты еңбегінде сезім мүшелерінің қызметімен байланысты жалпылауыш семаға ие сезіну етістіктерінің тобына, оның ішінде *көру* етістіктерінің семантикалық тобына жатқызады [7]. Сезім мүшелерінің ең бастысы – *көз*. Адам *көз* арқылы дүниедегі заттар мен құбылыстарды көріп, олардың түр-түрпатын, сан-қилы формаларын, түсін, қимыл қозғалысын және т.б. толып жатқан белгілерін біліп, таниды. Соның нәтижесінде адам санасында белгілі бір ұғымдар қалыптасады.

**Б. Қасым. Түркі тіліндегі түбірлес сөздердің семантикалық өрісі.**

---

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Бондарко А.И. *Функциональная грамматика*. – Ленинград, 1984. – 164 с.
2. Апресян Ю.Д. *Лексическая семантика*. – М.: 1974. – 472 с.
3. Караулов Ю.Н. *Структура лексико-семантического поля* // Филологические науки. – 1972. №1 – С. 57-68.
4. Кобозева И.М. *Лингвистическая семантика*. – М.: Эдиториал, 2000. – 252 с.
5. Уфимцева А.А. *Лексическое значение: принципы семантического описания лексики*. – М.: Наука, 1986. -240с.
6. Кенжетәева Г.К. *Неміс және қазақ тілдеріндегі көру етістіктерінің лексико-семантикалық өрісі*. Филол. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2009.
7. Оразов М. *Қазақ тілінің семантикасы*. – Алматы: Рауан, 1991. – 211б.

**Сөздіктер**

1. ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.10 томдық (жалпы ред. басқарған А.Ысқақов) 6 т. – Алматы: Ғылым, 1980.
2. Ибатов А. Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1988. –136 б.
3. ҚТС – Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999.
4. ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. VI т. –Алматы: Драйк-Пресс, 2008. – 961.